

Алматы облысының 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 64-339 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 29 желтоқсанда № 5841 болып тіркелді.

Ескерту. 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 24-тармағымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 8-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, "2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2020 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына және "2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 840 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 773 700 316 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер 113 677 849 мың теңге;

салықтық емес түсімдер 8 217 002 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 53 647 мың теңге;

трансферттер түсімдері 651 751 818 мың теңге;

2) шығындар 779 196 238 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу 11 529 824 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 20 807 588 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 9 277 764 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо 5 157 639 мың теңге, оның ішінде:

қаржылық активтерді сатып алу 5 157 639 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) (-) 22 183 385 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 22 183 385 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі 22 335 623 мың теңге;

қарыздарды өтеу 9 251 713 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары 9 099 475 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2021 № 9-52 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Корпоративтік табыс салығы" коды бойынша түсімдер аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бойынша 100% мөлшерінде аудандық және облыстық маңызы бар қалалық бюджетке түсетіні белгіленсін.

3. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" коды бойынша түсімдер 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

4. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша түсімдер 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

5. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалануға төленетін ақы", "Орман пайдалануға төленетін ақы" және "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін ақы" кодтары бойынша түсімдер 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

5-1. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары" коды бойынша түсімдер 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - Алматы облыстық мәслихатының 28.07.2021 № 7-45 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық бюджеттерден облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемі 140 018 759 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Іле ауданынан – 138 418 759 мың теңге;

Қарасай ауданынан – 1 600 000 мың теңге.

7. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемдері 97 944 109 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Ақсу ауданына – 5 451 563 мың теңге;

Алакөл ауданына – 5 679 695 мың теңге;

Балқаш ауданына – 4 825 603 мың теңге;

Еңбекшіқазақ ауданына – 10 029 731 мың теңге;

Ескелді ауданына – 4 756 066 мың теңге;

Жамбыл ауданына – 6 845 277 мың теңге;

Қаратал ауданына – 3 745 603 мың теңге;

Кеген ауданына – 4 174 220 мың теңге;

Кербұлақ ауданына – 6 850 055 мың теңге;

Көксу ауданына – 4 822 891 мың теңге;

Панфилов ауданына – 5 826 461 мың теңге;
Райымбек ауданына – 4 246 085 мың теңге;
Сарқан ауданына – 4 906 720 мың теңге;
Талғар ауданына – 5 003 520 мың теңге;
Ұйғыр ауданына – 4 743 278 мың теңге;
Қапшағай қаласына – 2 285 996 мың теңге;
Талдықорған қаласына – 11 794 886 мың теңге;
Текелі қаласына – 1 956 459 мың теңге.

Көрсетілген бюджеттік субвенцияларды аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бағыттар бойынша бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

8. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 156 061 477 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімдері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

білім беруге 82 510 683 мың теңге;
денсаулық сақтауға 6 636 388 мың теңге;
әлеуметтік көмекке 23 892 055 мың теңге;

мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінде ерекше еңбек жағдайлары үшін мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына лауазымдық жалақыға қосымша ақы белгілеуге 883 508 мың теңге;

дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбекақысын ұлғайту 1 208 193 мың теңге;

дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға 89 437 мың теңге;

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізуге 449 640 мың теңге;

арнаулы мекемелердің, айдауыл қызметінің, кезекші бөлімдердің және жедел басқару орталықтарының, кинологиялық бөлімшелердің қызметкерлеріне және учаскелік полиция инспекторларының көмекшілеріне тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеуге және олардың тұрғын үй төлемдеріне төлеуге 408 444 мың теңге;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге 511 336 мың теңге;

ішкі істер органдарының азаматтық қызметшілері қатарынан медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеру 13 437 мың теңге;

инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге 12 004 360 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға 2 584 мың теңге;

тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялауға 62 041 мың теңге;

жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға 476 869 мың теңге;

ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға 4 624 787 мың теңге;

саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауға 27 392 мың теңге;

көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға 3 894 636 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге 150 000 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға және кепілдік беруге 12 526 530 мың теңге;

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға 5 689 157 мың теңге.

Ескерту. 8- тармақ жана редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2021 № 9-52 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

9. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 60 586 041 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімдері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік-осал топтар мен аз қамтылған көпбалалы отбасылар үшін коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға 8 828 736 мың теңге;

әуе көлігінің инфрақұрылымын дамытуға 4 726 676 мың теңге;

Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде объектілерді салу және (немесе) реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға 7 551 507 мың теңге;

индустриялық инфрақұрылымды дамытуға 3 750 891 мың теңге;

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға 6 354 085 мың теңге;

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 3 163 086 мың теңге;

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 5 039 505 мың теңге;

газ тасымалдау жүйесін дамытуға 1 533 697 мың теңге;

көліктік инфрақұрылымды дамытуға 7 458 668 мың теңге;

"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға 11 211 313 мың теңге;

Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және моноқалалардағы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға 967 877 мың теңге.

Ескерту. 9- тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2021 № 9-52 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

10. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 190 908 951 мың теңге сомасында субвенция түсімдері көзделсін.

11. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 8 573 858 мың теңге сомасында қарыздар түсімдері көзделсін.

Ескерту. 11- тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 28.07.2021 № 7-45 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. Алматы облысы бойынша 2021 жылға 13 761 765 мың теңге сомасында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару мақұлдансын, оның ішінде:

тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға 8 191 853 мың теңге;

Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін 5 569 912 мың теңге.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2021 № 9-52 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

13. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

мамандарды әлеуметтік қолдау көрсету шараларын іске асыруға;

азаматтарға "7-20-25" бағдарламасы бойынша бастапқы жарнасының бөлігін төлеу үшін әлеуметтік көмек көрсетуге;

жеке көмекшілердің қызметін төлеуге;

еңбек нарығын дамытуға;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;

жұмыспен нәтижелі қамтуды қамтамасыз етуге және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға ;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге;

мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;

мемлекеттік Халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін қызметкерлердің жалақысына қосымша ақы белгілеуге;

мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінде ерекше еңбек жағдайлары үшін мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен мұрағат мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына лауазымдық жалақыға қосымша ақы белгілеуге;

жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға;

2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін;

абаттандыру саласында іс-шараларды іске асыруға;

сәулет саласында іс-шараларды іске асыруға;

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

аудан (облыстық маңызы бар қалала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою іс-шараларына.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 20.04.2021 № 4-22 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

14. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттердің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік-осал топтар мен аз қамтылған көпбалалы отбасылар үшін коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға;

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға

"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;
жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға;
коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін;

Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және моноқалалардағы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 20.04.2021 № 4-22 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

15. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредиттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;

азаматтарға "7-20-25" бағдарламасы бойынша бастапқы жарнасының бөлігін төлеу үшін әлеуметтік қолдауға;

Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде объектілерді салу және (немесе) реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;

тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға.

Көрсетілген кредиттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 15- тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2021 № 9-52 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

16. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте заңнаманың өзгеруіне байланысты аудандық бюджеттерден, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттерінен 103 404 270 мың теңге сомасында трансферттердің түсімдері көзделсін.

Аудандық бюджеттерден, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттерінен трансферттердің түсімдерін бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 16- тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2021 № 9-52 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Аудандық бюджеттерден, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттерінен трансферттердің түсімдерін бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

17. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте заңнаманың өзгеруіне байланысты республикалық бюджетке 18 980 698 мың теңге сомасында шығыстар көзделгені ескерілсін.

18. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте қоршаған ортаны қорғау және объектілерді дамыту жөніндегі іс-шараларды өткізуге 1 049 853 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. 18- тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2021 № 9-52 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

19. 2021 жылға арналған облыстық бюджетте автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және көлік инфрақұрылымын дамытуға 27 709 242 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. 19- тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2021 № 9-52 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

20. Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылға арналған резерві 744 800 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 20- тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2021 № 9-52 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

21. 2021 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

22. Аудан мен қала әкімдері облыс бюджетінің салықтар мен төлемдер бойынша болжамды көрсеткіштерінің толық және сапалы орындалуын, шаруашылық субъектілердің барлық деңгейдегі бюджетке берешегін азайтуды және қосымша кіріс көздерін табуды қамтамасыз етсін.

23. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың "Бюджет, тарифтік саясат және заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

24. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облыстық мәслихаты сессиясының төрағасы

А. Алпысбаев

Алматы облыстық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы С. Муканов

Алматы облыстық мәслихатының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы "Алматы облысының 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы" № 64-339 шешіміне 1-қосымша

Алматы облысының 2021 жылға арналған облыстық бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2021 № 9-52 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сынып			
	Ішкі сынып		
	Атауы		
		I. Кірістер	773 700 316

1		Салықтық түсімдер	113 677 849
01		Табыс салығы	75 632 037
	2	Жеке табыс салығы	75 632 037
03		Әлеуметтік салық	35 658 697
	1	Әлеуметтік салық	35 658 697
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	2 387 115
	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 109 747
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	277 368
2		Салықтық емес түсімдер	8 217 002
01		Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	3 464 404
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	122
	3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	7 944
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	72 150
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	14 374
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақы	3 369 814
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	4 617 476
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	4 617 476
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	135 122
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	135 122
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	53 647
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	53 647
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	53 647
4		Трансферттердің түсімдері	651 751 818
01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	244 195 349
	2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	244 195 349
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	407 556 469

		1 Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	407 556 469
--	--	--	----------------

Функционалдық топ				Сомасы , мың теңге
Кіші функция				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
		Атауы		
		II. Шығындар		779 196 238
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		6 223 277
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар		4 285 689
	110	Облыс мәслихатының аппараты		102 627
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	98 849
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 778
	120	Облыс әкімінің аппараты		3 642 331
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 676 815
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	475 491
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	28 207
		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	461 818
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы		213 701
		075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз	213 701
	282	Облыстың тексеру комиссиясы		327 030
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	327 030
	2	Қаржылық қызмет		569 802
	257	Облыстың қаржы басқармасы		485 282
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	201 150
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	20 013
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 326
		028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	260 793
	718	Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы		84 520
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	84 520
	5	Жоспарлау және статистикалық қызмет		1 016 749
	258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы		1 016 749

		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	406 389
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 355
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	608 005
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	351 037
	269		Облыстың дін істері басқармасы	351 037
		001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	80 707
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	63
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	270 267
02			Қорғаныс	1 647 737
	1		Әскери мұқтаждар	328 364
		120	Облыс әкімінің аппараты	328 364
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	125 789
		011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	202 575
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 319 373
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	308 837
		036	Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөнінде жұмыстар жүргізу	308 837
		287	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	1 010 536
		002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	728 044
		004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	110 929
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	171 563
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	17 253 614
	1		Құқық қорғау қызметі	17 253 614
		252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	17 048 821
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 478 682
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 570 139
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	204 793
		003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	204 793
04			Білім беру	358 354 910
	1		Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	48 102 367

	261	Облыстың білім басқармасы	48 102 367
	200	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	5 344 834
	202	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	42 757 533
2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	271 152 970
	261	Облыстың білім басқармасы	235 684 119
	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	2 114 808
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	4 067 811
	055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	2 876 532
	082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	197 062 160
	083	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	640 813
	203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	28 921 995
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	25 586 385
	082	Орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту	436 443
	086	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	25 149 942
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	9 882 466
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	8 855 082
	007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	1 027 384
4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	15 479 272
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	686 231
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	686 231
	261	Облыстың білім басқармасы	14 793 041
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	14 318 473
	089	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	474 568
5		Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	2 372 084
	120	Облыс әкімінің аппараты	47 405

		019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	47 405
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	221 694
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	221 694
	261		Облыстың білім басқармасы	2 102 985
		052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	2 102 985
6			Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	1 246 832
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	273 741
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	273 741
	261		Облыстың білім басқармасы	973 091
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	973 091
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	20 001 385
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	21 294
		034	Денсаулық сақтау жүйесіндегі мемлекеттік білім беру ұйымдарының күрделі шығыстары	21 294
	261		Облыстың білім басқармасы	19 980 091
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	623 060
		004	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	483 205
		005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	3 954 520
		007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	218 830
		011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	373 902
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	941 007
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 350
		029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	547 618
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	11 822 809
		080	Нұрсұлтан Назарбаев Қорының "EL UMITI" таланттарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру	232 687
		086	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	5 408
		087	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға	775 695

05		Денсаулық сақтау	17 558 427
2		Халықтың денсаулығын қорғау	4 313 436
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	3 791 677
	006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	416 694
	007	Салауатты өмір салтын насихаттау	49 694
	041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	1 745 691
	042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	544
	050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	1 579 054
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	521 759
	038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	521 759
3		Мамандандырылған медициналық көмек	5 342 070
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	5 342 070
	027	Халыққа имундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық имундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	5 342 070
4		Емханалар	102 450
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	102 450
	039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	102 450
5		Медициналық көмектің басқа түрлері	67 926
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	67 926
	029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	67 926
9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	7 732 545
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	7 732 545
	001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	170 247
	008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	172 203
	016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	20 215
	018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	903 272
	030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	4 700

		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	6 125 929
		051	COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды іске асыру жөніндегі қызметтер	335 979
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	38 957 527
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	6 930 696
		256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	5 521 201
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 183 060
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 828 702
		014	Оналту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	613 629
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	895 810
	261		Облыстың білім басқармасы	1 200 282
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	745 526
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	128 394
		092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	132 268
		201	Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	194 094
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	209 213
		039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	209 213
2			Әлеуметтік көмек	2 403 065
		256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 956 265
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	1 956 265
	261		Облыстың білім басқармасы	446 800
		084	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	446 800
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	29 623 766
		256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	29 471 244

		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	230 615
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11 541
		018	Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	467 998
		019	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру	5 162
		044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	7 450
		046	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	1 916
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	150 150
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	896 375
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	27 700 037
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	59 532
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	59 532
	270		Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	92 990
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	90 691
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 299
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	22 690 134
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	7 000
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	7 000
		026	Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу	7 000
	2		Коммуналдық шаруашылық	22 683 134
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 299 542
		030	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	1 299 542
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	21 383 592
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	172 204
		004	Елді мекендерді газдандыру	307 884
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	270
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	54 114
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	50 000

		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	2 332 554
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	18 466 566
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	20 869 267
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	3 888 287
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	3 000
		016	Мәдениет объектілерін дамыту	3 000
		273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	3 885 287
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	1 975 431
		007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	758 714
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	1 151 142
	2		Спорт	9 428 595
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	1 902 890
		017	Спорт объектілерін дамыту	1 902 890
		285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	7 525 705
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	97 546
		002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	412 203
		003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	6 387 974
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 736
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	624 246
	3		Ақпараттық кеңістік	3 965 463
		263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	1 957 019
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	1 957 019
		264	Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	294 077
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	106 027
		002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	187 943
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	107
		273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	693 418
		009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	242 867

		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	450 551
	743		Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	1 020 949
		001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	108 510
		008	"Ақпараттық технологиялар орталығы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	859 658
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	52 781
4			Туризм	405 722
	284		Облыстың туризм басқармасы	405 722
		001	Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60 530
		004	Туристік қызметті реттеу	345 192
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	3 181 200
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	322 211
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	317 011
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 200
	273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	2 157 648
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	86 668
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	389 263
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 681 717
	283		Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	701 341
		001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	65 139
		005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	613 712
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	22 490
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	7 485 519
1			Отын және энергетика	4 517 964
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 517 964
		050	Жылыту маусымын іркіліссіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау	4 156 804
		081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	361 160
9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	2 967 555

	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	2 967 555
	071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	2 967 555
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	57 323 395
1		Ауыл шаруашылығы	50 033 335
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	44 460 702
	001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	212 546
	002	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау	1 523 224
	003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	484
	006	Басым дақылдардың өндірісін субсидиялау	3 515 539
	008	Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау	529 730
	014	Ауыл шаруашылығы таурларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	699 129
	021	Малды қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, ауыл шаруашылығы малын соятын алаңдарды, пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) ұстау және жөндеу	14 027
	029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар	137 176
	045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	64 355
	046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	23 714
	047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	2 044 000
	050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	12 004 360
	053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	17 755 540
	055	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	2 584
	056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	4 624 787
